

Қ. Борбасова<sup>1</sup> , А. Мұқан<sup>1\*</sup> , Л. Исаева<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

\*e-mail: [mukan.aigerim@narxoz.kz](mailto:mukan.aigerim@narxoz.kz)

## ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕЗИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫНА ӘСЕРІ

Мақалада отандық ғалымдардың зерттеулерінің негізінде Қазақстан тарихындағы исламның даму тенденциясына сараптама жасалып, оның қоғамның ұлттық бірегейлігінің интеграциялық және дезинтеграциялық үрдістеріне әсер ету жолдары мен тәсілдері, даму динамикасы зерттеледі. Авторлар ислам діннің қазақ қоғамындағы мәртебесіне шынайы жағдайы мен рөліне баға бере отырып, қазіргі діни жағдайда орын алған саясиленген исламның теріс салдарының мәнін ашу мақсатын қояды. Зерттеуде радикалды исламдық ұйымдардың идеологиялық негізі Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне, қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық тұрақтылыққа кері әсері талқыланып, рухани тірек ретінде дәстүрлі исламды жаңғыртудың негізгі тенденцияларына сараптама жасалады. Мақаланың әдіснамалық негізін салыстырмалы-тарихи, феноменологиялық, жүйелік әдістер құрайды. Диалектикалық принципі негізінде каузальді талдау және әлеуметтік аналитика сияқты әдістер қолданылды. Қорытындылай келе, авторлар Қазақстандағы мемлекеттің зайырлылық саясатын жүзеге асыруда толеранттылық пен діни тағаттылықты орнатуда, ұлтаралық және дінаралық келісімді қолдауда және дін мен ұлт мәселесіне қатысты қақтығыстардың алдын алуда қоғамның рухани тірегі болу дәстүрлі исламның міндеті деп тұжырым жасайды. Мақаланың ғылыми тұжырымдары мемлекеттік бағдарламаларда, қоғамның рухани салаларын жетілдіруде мемлекеттік қызметкерлер, зерттеушілер мен оқытушылар, дінтануды зерттеу мен оқыту барысында пайдалана алады.

**Түйін сөздер:** дәстүрлі ислам, ұлттық бірегейлік, қазақ қоғамы, дүниетаным, салт-дәстүр.

K. Borbassova<sup>1</sup>, A. Mukan<sup>2\*</sup>, L. Issaeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Sh.Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Kazakhstan, Aktau

\*e-mail: [mukan.aigerim@narxoz.kz](mailto:mukan.aigerim@narxoz.kz)

### Traditional Islam and its impact on the dynamics of integration and disintegration processes of the national identity of society

Based on the research of domestic scientists, the article analyzes the development trends of Islam in the history of Kazakhstan, studies the ways and means of its influence on the integration and disintegration processes of national identity and the dynamics of society development. The authors aim to reveal the essence of the negative consequences of politicized Islam that took place in modern religious conditions, evaluating the status, true position and role of Islam in Kazakh society. The research examines the negative impact of the ideological basis of radical Islamic organizations on the national security of Kazakhstan, interethnic and interfaith stability in society, and also analyzes the main trends in the modernization of traditional Islam as the spiritual pillar of society. The methodological basis of the article is the comparative-historical, phenomenological, systemic methods. Based on the dialectical principle, methods such as causal analysis and social analytics were used. In conclusion, the authors come to the conclusion that the duty of traditional Islam is to be the spiritual support of society in the implementation of the secular policy of the state in Kazakhstan, to form tolerance and religious tolerance, to support interethnic and interreligious harmony, as well as to prevent conflicts related to religion and nationality. The scientific conclusions of the article can be used by civil servants, researchers and teachers in the process of studying and teaching religious studies according to state programs, improving the spiritual sphere of society.

**Keywords:** traditional Islam, national identity, Kazakh society, worldview, traditions.

К. Борбасова<sup>1</sup>, А. Мукан<sup>1\*</sup>, Л. Исаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Каспийский университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова, Казахстан, г. Актау

\*e-mail: mukan.aigerim@narxoz.kz

### Традиционный ислам и его влияние на динамику интеграционных и дезинтеграционных процессов национальной идентичности общества

В статье на основе исследований отечественных ученых проводится анализ тенденций развития ислама в истории Казахстана, изучаются пути и способы его влияния на интеграционные и дезинтеграционные процессы национальной идентичности и динамика развития общества. Авторы ставят целью раскрыть сущность негативных последствий политизированного ислама, имевшего место в современных религиозных условиях, оценивая статус, истинное положение и роль ислама в современном обществе. В исследовании рассматривается негативное влияние идеологической основы радикальных исламских организаций на национальную безопасность Казахстана, межэтническую и межконфессиональную стабильность в обществе, а также анализируются основные тенденции модернизации традиционного ислама как духовной опоры общества. Методологическую основу статьи составляют сравнительно-исторический, феноменологический, системный методы. На основе диалектического принципа использовались такие методы, как каузальный анализ и социальная аналитика. В заключение авторы приходят к выводу, что обязанность традиционного ислама – быть духовной опорой общества в реализации светской политики государства в Казахстане, формировать терпимость и религиозную толерантность, поддерживать межнациональное и межрелигиозное согласие, а также предотвращение конфликтов, связанных с религией и национальностью. Научные выводы статьи могут быть использованы государственными служащими, исследователями и педагогами в процессе изучения и преподавания религиоведения по государственным программам, совершенствованию духовной сферы общества.

**Ключевые слова:** традиционный ислам, национальная идентичность, казахское общество, мировоззрение, традиции.

### Кіріспе

Дін қоғам деп аталатын алып организмнің жанын рухтандыратын, мінез-құлқын түзеп, адами жауапкершілігін арттыратын рухани азықтардың бірі ретінде қызмет көрсетеді. Қазіргі қоғамдық қатынастардағы түрлі идеялар мен дүниетанымдық бағыттар ұсынылып жатқан кезеңде адамдарға өзінің бағытын анықтау қиынға соғуда. Оған қоса, қоғамдағы исламның орнына байланысты келіспеушіліктер, дәстүрлі емес діни ағымдардың қызметіне байланысты халық пен мемлекеттің ортақ позициясының болмауы әлі де шешілмеген мәселелердің көп екендігін дәлелдейді.

Қазақстандағы барлық діни бірлестіктердің қызмет ету шеңберлері белгілі дәрежеде әзірленді. Бірақ елімізде дәстүрлі деп есептелетін ислам діннің мәртебесі, «оның қоғам өміріндегі шынайы жағдайы мен рөлі, яғни діннің қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани салаларына тигізер әсерінің мәртебесі, кеңістігі және шекаралары қазірге дейін анықталмаған. Осы еліміздегі белгісіздік, әсіресе оның теріс салдары еліміздегі қазіргі діни жағдайда орын алған

жаңа тенденцияларға байланысты анық та айқын аңғарылуда. Бұл, әрине, әсіресе дін мен діни сананың күдік туғызатын діни-рухани нормалары мен доғмаларына негізделген жаңа діни ағымдар мен бағыттарға байланысты» (Байтенова, 2007). Жиырма жылға жуық уақыт өтсе де осы мәселе шешімін толық тапқан жоқ.

Біздің көп ұлтты және көпконфессионалды еліміздің ислам іліміне бет бұруы тек теориялық қызығушылық емес, практикалық қажеттілік екені мойындалып отыр. Ислам Қазақстанның жергілікті қазақ халқы мен басқа да түрік тілдес халықтардың рухани, тарихи және мәдени мұраларының бір бөлігіне айналды. Қазіргі жағдайда ислам туралы, оның құндылықтары туралы әр түрлі жалған көзқарастардың болуы қоғамдық санада, әсіресе жастардың санасында түсінбеушілік (кейде белсенді қарсылық) тудырады. Сондықтан да дәстүрлі ислам дінінің қоғамның ұлттық бірегейлігінің интеграциялық және дезинтеграциялық үдерістерінің динамикасына әсерін зерттеп, әр кезең сайын баға беріп отыру қоғам үшін де, мемлекет үшін де маңызды мәселе деп білеміз.

## Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсат-міндеттері

Жалпы қазақтардың ислам дінінің ақидасын қабылдауының өзіндік ерекшелігі туралы соңғы жылдары толық басылып шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 20 томдық шығармалар жинағындағы ойшылдың исламдық иман шарттарының қазақ қоғамындағы моралдық қарым-қатынастардағы көрінісін бағалаған көзқарастары өте құнды. Мәшһүр Жүсіптің дінге қатысты ойларынан біз қазіргі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі талаптарына жауап аламыз. Осы тұрғыда М.Ж. Көпейұлының 20 томдық шығармалар жинағы исламдық діни құндылықтардың қазақ жерінде қалыптасуы, дін мен дәстүр сабақтастығын зерттеудің теориясы болады.

М.С. Орынбековтың «Генезис религиозности в Казахстане» еңбегі жалпы қазақтардың діни құндылықтарының қалыптасу эволюциясын зерттеуде қазақстандық ғылымда жаңа жол ашты. Автор тек исламдық сунит ағымы дұрыс деп қалыптасып қалған пікір ғылымда ежелгі қазақтардың рухани дүниетанымын терең зерттеуге бөгет болды, деген өзіндік философиялық тұжырым жасайды.

А. К. Муминоқтың «Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии» және С. Зиманов, Н. Осеровтердің «Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шарияттың әсері» еңбектері исламның жергілікті мәдени дәстүрлермен көпғасырлық қарым-қатынасы, оның аумақтағы көпнәсілді этникалық құрамдарға, экономика, мәдениет, дәстүр мен наным-сенімдерге бейімделуі көрсетілген.

Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ ғалымдарының ұжымдық еңбектері «Қазақстандағы діндер» кітабы мен «Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндер: конфессияаралық келісім» монографиясында Қазақстандағы ұлттық және діни қатынастарды жетілдірудегі дәстүрлі исламның рөліне позитивті баға беріледі.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Ғылыми Кеңесі баспаға ұсынған «Религиозные конверсии в постсекулярном обществе. (опыт феноменологической реконструкции)», «Модели исламского образования в постсекулярном обществе: евразийские и европейские тренды», «Қазақстандағы діни бірегейліктің инклюзивтілігі мен эксклюзивтілігі мәселелері», «Роль религии в культурном и социально-политическом развитии Казахста-

на» атты ұжымдық монографияларында қазақ халқының рухани әлеміндегі түркілік дәуірден дәстүр жалғастығын сақтаған, исламның өркениет үлгілері өзіндік рухани қазына ретінде қарастырады.

А. Г. Косиченконың «Религия: сущность и актуальные проблемы», «Возможности религии в снижении уровня вызовов и угроз современности», Е.А. Оңғаровтың Қазақ мәдениеті мен ислам құндылықтары, Қайрат Жолдыбайұлының «Дін мен діл», Қ. Затовтың «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиональдық қатынастар», Б. Сатершиновтың «Ислам фобиясы және стереотиптер» еңбектерінде исламның дәстүрлі дін ретіндегі әлемдік саясаттағы орныны, қазіргі жаһандану кезіндегі қауіп-қатерлерге қарсы күресі, қоғамның рухани өміріндегі рөлі және діни дүниетаным мен исламофобия құбылысының тарихи және заманауи тұрғысынан талқыланады.

Ғарифолла Есімнің «Дін өркениеті», Н. Л. Сейтахметованың «Ханафитский мазхаб как путь к диалогу: реконструктивная герменевтика» мақалалары Қазақстандағы ислам дінінің ұлттық бірлікті нығайтудағы рөліне позитивті баға береді.

А. Сабдиннің «Радикалсыздандырудың теологиялық нарративтері», «Деструктивті діни ағымның ұстанушыларын дәстүрлі құндылықтарға бейімдеуге және оңалтуға қатысты» әдістемелік құралдардағы ғылыми тұжырымдар зерттеуімізде қойылған мақсат пен міндеттерді шешуде теориялық негіздер берді.

## Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдіснамалық негізі көтерілген мәселелер ерекшеліктерімен және зерттеу пәнін, қойылған міндеттерді анықтаумен байланысты болды.

Ислам дінінің әр түрлі уақыт кезеңдеріндегі дамуын, әр түрлі діни ұстанымдарды салыстыруда салыстырмалы-тарихи әдіс, исламның қоғамдағы, мемлекеттегі, саясаттағы, халықаралық қатынастардағы интеграция үдерістеріне әсер ету әлеуетін анықтауда феноменологиялық әдіс қолданылды.

Танымның объективтілігінің диалектикалық принципі негізінде қазақ халқының діни ұстанымдарының мазмұны мен мәнді сипаттамалары ашылады. Жүйелік әдіс қазақ рухани мәдениетінің даму үдерісіндегі ішкі және сыртқы байланыстарға объективті сипаттама беруге,

ұлттық рухани кеңістікті құрудағы әртүрлі факторлардың өзара байланысын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, этномәдени ұстанымдардың, этноконфессиялық қатынастардың трансформациясының әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ашатын каузальді талдау және әлеуметтік аналитика сияқты әдістер қолданылды.

## Негізгі бөлім

Дәстүрлі ислам туралы сөз қозғар алдында біз дәстүр ұғымының мәнін ашып алуды жөн көрдік. Дәстүр «белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы» (Биекенов, Садырова, 2007). «Дәстүр қазіргі нақты қызмет жүйесінде бұрынғы заманның уақыт сынынан өткен рухани нұсқаларды қайта түлетуді қамтамасыз етеді, яғни ол осы шақпен болар шақты өткен шақпен байланыстырып, құндылықтармен негіздейді. Тар мағанада дәстүр мемлекет нұсқауынсыз өзінен өзі тіршілік ететін құндылықтар жүйесі» (Ғабитов, Алимжанова, 2018: 83). Енді осы анықтамаға сай Қазақстан жерінде пайда болған исламның қаншалықты дәстүрлі дінге айналғанын оның тарихымен байланыстыра қарастырайық.

Белгілі ғалым А. Муминов әл-Кафави шығармаларына сүйене отырып Орта Азияда фиһтың ғылыми дәстүрі болғанын және осы аймақтарда ханфи мазһабының қалыптасуы мен таралуына үлес қосқан 221 фахих болғанын анықтаған. Ақпараттарды зерттеу арқылы Орта Азиядағы ханафилық мектептердің тарихын үш кезеңге бөледі. Бірінші (3-4 және 9-10 ғғ.) әлеуметтік-саяси белсенділік кезеңі; екінші ғылыми қызметтің өркендеу (5-9 ғасыр басы / 7-12 ғғ.) кезеңі; үшінші кезеңді (7-9/13-15 ғғ.) білім беру және оқыту қызметімен байланыстырады. Үшінші кезеңде Ұлы Селжүктер ғасырынан бастап бұл аймақтың суниттік кеңістікке айналуында түркі басшыларының рөлі күшті болған. Жалпы саяси, әлеуметтік құлдырау жағдайларында ханафиттер белсенді түрде ағартушылық қызметті (оқулықтар жазу, оқыту) жандандырып отырған. Осы кезеңде діни білім берудің суниттік жүйесі (медресе) дәстүр болып қалыптасқан. Бұл дәстүрді әртүрлі аймақтың басқа да суниттік мазһабтары қабылдаған. Дәстүрлі жүйе аздаған

өзгерістермен 20 ғасырдың басына дейін жалғасқан. Орта Азиядағы ислам тарихын зерттеу исламның аймақтық формаларының қалыптасуы және олардың жалпы исламдық принциптермен үнемі өзара әрекеттесулері, исламның күрделі идеологиялық жүйе ретіндегі қызметін түсінуге мүмкіндік береді (Муминов, 2015: 253-255). Осы ойды Адам Асалыоглу «Ислам мазһабтары тарихы» оқу құралында да айтады. Ғалым мазһабтардың пайда болуына әсер еткен көптеген себептер бар екенін дәлелдейді. Олардың бастапқысы жеке тұлға мен қоғамдағы адам факторы екенін атап өтеді. Келесі әлеуметтік болмыс, саяси оқиғалар, көне өркениеттер және мәдениеттер ықпалы, діни мәтіндер, ислам түсінігіндегі әр түрлі дін ұғымдары, қарсылықты дін ұғымы, ақылды басшы ететін дін ұғымы, дәстүрлі дін түсінігі, саяси-харизматтық лидерге негізделген дін түсінігі, қоғамнан оқшаулану дін түсінігін қосады.

Автор дәстүрлі дінге байланысты тұжырым жасауда осы мәселені терең зерттеген исламтанушының (Кұтлы, 2000: 50) еңбегіне жүгінеді. Ислам діні түсінігінде дәстүрлі діннің айрықша өкілдері – хадис жақтаушылары ретінде шәфиия, мәликия, ханбалия және захирия бағыттарын өкілдері болып табылды. Хадисшілер мұсылмандардың қоғамдық өмірде ыдыраудан, түсінбеушіліктен құтқару үшін, «әлеуметтік өмір нағыз идеалға айналған Хз. Пайғамбар заманына қарай бейімдеп, ауызбіршілік пен біртұтастық сезімдерді саналарына берік сіңіру үшін қасиетті Құран Кәріммен қатар, түйткілді проблемалардан құлан-таза айығудың жолы Хазірет Пайғамбарымыздың хадистері мен пайғамбар көзін көрген сахабалардың, және одан кейін келген табиғиндердің сөздерінде жатқанына имандай сене отырып, хадистерді бір арнаға тоғыстырып, тақырыптарына қарай класификациялаған, жалпылай өз көзқарастарын пайғамбардың хадистеріне негіздеген, сол хадистерден бір елі ажырамауға шақырған және Құран мен хадистен алшақ қандайда да бір көзқарасты ұстанудан үзілді-кесілді сақтандырған және ондай қадамға барғандарды қатаң сынға алған концепцияның нысанасы болды.

Міне осылайша, сүннет, салт-дәстүр, Бақыт ғасыры, еліктеушілік (тақлид), жаңашылдық (бидғат), надандық (жахилият), сүннет халқы (әхлі сүннет) секілді ұғымдар догматикалық дәстүрлі дін түсінігінің басты белгілері болды. Бұл атау «дін дегеніміз салт дәстүрден құралады» деген ұранға айналды. Сүннет және дәстүрді



бойына жинақтаған дін мен өмірлік көзқарастар осы бағытта дамып жетілді. Соның нәтижесінде догматикалық дәстүрлі дін түсінігінде Бақыт ғасырының ұлықталуы, алғашқы үш буын мұсылман ұрпақтардың көзқарастары мен пікірлерінің әспеттелуі, сүннет пен дәстүрлі дін және өмірлік көзқарастар, бөтен көзқарастарға қарсы дұшпандық; кәлам мен пәлсапаға түбірімен қарсы шығу; жаңашылдыққа және жасампаздыққа деген қарсылық; арабшылдық, азаттық, бостандық туралы пайымдаулар, айқын да нақты жорамалдарға, болжамдарға қарсы шығу, өнер мен музыкаға оң көзбен қарамау, фанатизмге, шектен тыс діндарлыққа салыну, басқа әдетті жат санау, догматизм, өзгені шеттету және әлдекімді кәпірлердің санатына қосу; әр түрлі көзқарастар мен түсініктерге төзімсіздік таныту, тіс қайрау, абсолютті ақиқат түсінігі сияқты басты-басты ерекшеліктері бар» (Асалыюғлу, 2011: 17-18).

«Ислам діні сан ғасырлардан бері мемлекеттің тірегі ретінде ақыл мен парасаттың, озық ғылым мен ұлы өркениеттің, мәдениет пен татулықтың діні қызметін атқарып келеді. Ата-бабаларымыз таңдаған ұлы жол қай кезде де елді бірлік пен ынтымаққа шақырып, тәрбие мен өнегеге бастады. Салтымызға сіңіп, дәстүрімізге айналды. Қыз ұзату, шілдехана, тұсаукесер, сүндет той, келін түсіру, баланы қырқынан шығару секілді салттарымыздың қай-қайсысы да мұсылмандық таныммен әдемі үйлесуде» (Дербісәлі, 2012: 32). Себебі біздің ата-бабаларымыз исламдық ілімді ерікті түрде қабылдауы бірнеше ғасырларға созылған. Зерттеулерді салыстыра отырып бұл кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болғанын аспай кетуге болмайды. Бұл мәселеде ғалымдардың көзқарастары әр түрлі. Алтын Орданы Өзбек хан араптардың көмегімен басып алған кезде Жошы ұлысы тәңіршілдік сенімді ұстанды. Олардың ислам дінін қабылдаудан бас тарқандары үшін Өзбек хан 120 ел басшыларын олардың мыңдаған жақтаушыларымен қоса өлім жазасына кескен. Осылайша Алтын Орданың исламға кіруі қосалқы сенімді тудырған. Исламды ресми мойындағанмен, жүректері тәңіршілдікте қала берген немесе ислам шамандықпен және аруақтарға табынумен араласып кеткен (Гумилев, 2007; Валиханов, 1985; Басилов, Кармышева).

«XVIII ғасырдың өзінде ислам дінін қабылдау жалпыға бірдей сипатқа ие болмады, ол біртұтас емес және үстірт деңгейде, бұқаралық сана деңгейінде қалды. Бұл, ең алдымен, исламның түркі халқына тән іргелі дін еместігіне байла-

нысты. Оның қоршаған ортаға және мәдениетке бейімделуі басқа сенімдермен тығыз араласып, өте ұзақ уақытқа созылды. Әртүрлі діндер мен нанымдардың қатар өмір сүруі сайып келгенде синкретизмге – олардың араласуына әкелді» (Бегалинова, 2012).

Көне түркілердің исламды қабылдауы саяси-экономикалық қажеттілікпен қоса, қоғамның мәдени-рухани дамуына жол ашылуымен байланысты болды. Бұл туралы да жеткілікті зерттеулер бар. Оларға ортақ нәрсе – бұрынғы таптық ұстанымдардан кету, қазақтардың «қос сенімі» мен шамандығы, ислам дініне қарсы тұру әдеті мен этникалық өзіндік сана туралы тезис. Авторлардың көпшілігі өзіндік идентификация критерийіне сүйене отырып, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ этносы мұсылман халықтарының қауымдастығына қосылуы керек деп есептейді.

Отандық тарихнамадағы түріктердің исламдануы мәселесін түсіндіруде кеңестік (маркстік) және посткеңестік көзқарастардың арасындағы қарама-қайшылық пен елеулі алшақтық ерекше байқалады. Сананың бостандығы, Қазақстанда дәстүрлі дін ретінде исламның қайта жаңғыруы, халықаралық қатынастардың өсуі исламофобияны жеңу мен ұлттық тарихнама дағдарысынан шығудың объективті факторлары болды. Ол жаңа зерттеулер мен деректік базаның кеңеюіне, аз зерттелген киелі шежірелердің ғылыми айналымға енуіне т.б. жол ашты (Нуртазина, 2021).

Көне түркілер кезеңіндегі исламның қалыптасуы VII-XIII ғғ аралығын қамтиды. Н.С. Бакина түркілердің исламды ерікті қабылдауын 1043 жылдың күзінде 10000 шатыр иелері 20000 малды құрбандыққа шалған құрбан айт мерекесімен байланыстырады. Каспий өңірі мен Еділ бойын мекендеген түрік тайпалары өзіндік мұсылмандық түркі мәдениетін қалыптастырған (Бакина, 2006).

Қазақ жерін исламдандырудың басты кезеңі Қарахан әулеті (X-XI ғғ.) мен моғолдар (XIV-XV ғғ.) кезеңі аталып өтіледі. Исламның таралуы Алтын Орданың тәуелсіз мемлекет ретінде нығаюына және қалалардың дамуына ықпал етті. Е. Оңғаров Жошы ұлысына ислам мәдениетінің таралуына әсер еткен негізгі бес факторды атап өткен жөн деп жазады: бірінші Ибн Баттута еңбектері бойынша исламның таралуына саудагерлердің рөлі зор болды; екіншіден Таяу Шығыс маңына XI ғ. түркілердің келуі «мұсылмандық өркениетті

трансформацияға ұшыратты», трансформацияға ұшыраған үмбетті қыпшақ даласы қандай да бір қарсылықсыз қабылдайды; үшіншіден, Дешті Қыпшақ жеріне исламның таралуына Қ.А. Яссауидің рөлі және сұлтан Бейбарыс билік еткен Мысыр елімен жан-жақты байланыс орнату болды, төртіншіден, Дешті Қыпшақ даласында өзгеріске түскен исламның мәдени дәстүрі Алтын Орданың мемлекеттік әріптестерінің арасында бір деңгейде эволюцияландырады, бесіншіден Дешті Қыпшақ даласында исламның таралуында басқарушы династияның рөлі үлкен болса, исламдық мәдениет нормаларының сіңісуіне қалалардың рөлі маңыз берді (Оңғаров, 2014: 17-19).

Ислам діні қазақтар арасында 18 ғасырдың аяғында кең тарағаны белгілі. «Мұхаммедтің ілімі Екатерина II тұсында ерекше қолайлы өріс алды. Құжаттарға қарағанда, дәл сол кезде қазына есебінен мешіттер салынып, мектептер ашылған» (Кенжалиев, Даулетова, 1993). Осы кезеңдегі исламның қоғамдағы орнына Ш. Уәлиханов екі түрлі баға берген: 1822 жылғы патша өкіметінің көмегімен алғашқы оркугтарда ашылып, мектеп пен медреселерде исламдық білім берілгенін және де шариғаттың талаптарымен жүрмейтіндер туған-туыстарының арасында құрметі жоқ деп позитивті рөлін жазса, сауатсыз молдалардың іс-әрекеті мен патша өкіметінің жымсық сасатына қызмет еткен ислам діні болашақта халықты ыдыратуға апарады деп жазады (Валиханов, 1985).

Н. Нұртазина бұл мәселені ислам өркениетінің жалпы дағдарысымен байланыстырған. «XIX ғасырдың аяғына қарай діни орталық болған Орта Азия қалалары қазақтар мен татарлар арасында пайдақор молдалар мен рухсыз ишандар бейнесімен ассоциацияланды.

Біртіндеп өзгерістер Орталық Азия дала халықтарының әлеуметтік-мәдени өмірінде де байқалды. Өзгерістердің негізгі серпіні қоғамдық қатынастарда капиталистік элементтерді дамыта бастады. Бұл жағдай байырғы халықтың дәстүрлі әлеуметтік құрылымы мен құндылықтар жүйесіне нұқсан келтірді. Сонымен қатар, көпұлтты өмір сүру аймақтарында зайырлы қарым-қатынас мәдениеті бірте-бірте дами бастады. Жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршілігі мен қоғамдық қатынастарындағы күрт өзгерістер діннің қоғамдық өмірдегі дәстүрлі рөлін төмендетті. Жарты ғасыр бойы жалғасып келе жатқан әлеуметтік-мәдени жағдайлар ислам өркениетінің жалпы дағдарысын тудырды.

Капиталистік көңіл-күй ғұламалар мен сопы-ишандардың мінез-құлық ерекшеліктеріне әсер етті» (Сәрсембаев, 2021: 138).

XX ғасырдың басында патша өкіметінің саясаты тағы күрт өзгереді, енді көшпенді қазақтардан «ресейлік азаматтық» алуды талап ете бастайды. Бұл саясат арқылы мұсылман қазақтардың «жергілікті орыс халқымен» рухани бірігуіне жол ашуды ойлады. Осылайша мұсылмандар арасында православиялық сенімді таратуды ақырындап, қулықпен жүзеге асыра бастайды. Себебі сол кездегі министрдің баяндамасына қарағанда мұсылмандық орыс мемлекетігіне дұшпандықпен қарайтын саяси күш ретінде бағаланған. Бұндай саясат бұрын да жүргізілген болатын, бірақ осы жолы репрессиялық әдістер қолданыла бастады. Патша өкіметі сол кездегі белсенділік білдірген беделді имамдарды қудалап, жер аударуға дейін барған Бұл қазақтар тарихындағы ең алғашқы «діни экстремизге» қарсы күреске ұқсайтын әрекеттер болды (Нысанбаев, Курманбаев, 2013).

Патшалық Ресейдің шоқындыру саясаты, Кеңес одағының құдайсыз атеистік зұлматтарының өзінде қазаққа қазақтығын сақтап қалуға ислам діні себеп болды, – деп түйіндейді, С. Ораз (Ораз, 2018).

Кеңестік дәуірге дейінгі қазақ қоғамында діни көзқарас этникалық, рулық өзіндік санамен тығыз байланысты болды және бұл байланысты қоғамдық-саяси институттар қолдады. Қазақтар қашанда өздерін мұсылман санаған, ал оның құрамдас бөлігі әдет-ғұрып (адат) құқығы болған исламдық нормалар (шариғат) олардың өмірін, мысалы, отбасы мен неке, қылмыстық құқық, т.б. реттейтін.

Сондықтан да адам өзін мұсылман да, коммунист те санауға болатын. Тарихи тұрғыдан діни бірегейлік пен басқа да (этникалық, азаматтық) лоялдылық арақатынасы біршама үйлесімді болды, олар бір-біріне қарама-қайшы болмады (Султанғалиева, 2015).

«Ислам діні, онымен бірге енген *ислам мәдениеті, дүниетанымы*, тіптен *фалсафасы* біздің әдет-ғұрыптарымызға, ұлттық ойлау жүйемізге, бір сөзбен айтқанда, дүниетанымымызға молынан сіңген. Ұлттық философиямыздың негізгі ұғымдарына талдау жасағанымызда, біз ислам дүниетанымынан тарайтын ұғым-түсініктерге тап боламыз. Сол себепті ислам дінінің қазіргі қоғамдағы орны туралы айтқанда, оның қазақ халқының тарихында, мәдениетінде, дүниетанымында, психологиялық

түсініктерінде алатын орнын анықтауымыз қажет» (Есім, 2006: 6). Бұл күрделі мәселе. Себебі исламның қазіргі қоғамдағы орны даулы проблемаға айналып барады. Әрине, оның басты себебі исламды саясаттандыру төңірегіндегі әрекеттерде.

*«Кеңестік жүйе кезінде «ұлтсыздандыру идеологиясы» деген үлкен саяси жоба болған. Ал сәләфизмнің ұстанымы одан да асып түскелі тұр. Себебі, мұнда екі мәселе қойылады: адамның болмысын жою және мінезін жою. Мінез – ұлттық ерекшеліктер болса, болмыс – сол ұлттық мәдениеттің барлық қабаттары. Соның барлығына қарсы тұратын «изм»-нің атын «сәләфизм» деп атайды. Жат ағым өкілдері ұлттық құндылықтарымызды, діни танымымызды, бүкіл шежіремізді жоққа шығарып отыр. Қазақты исламады енді ғана қабылдаған ұлт ретінде көрсеткісі келеді. Қазақ балаларын бұрынғы бабалары жүріп өткен жолына күдікпен қарауға үндейді» (Кенжетай, 2016).*

Барлық дәстүрді арабтардікіндей қылып, қателіктерге бой алдыратын себептердің бірінде С. Ораздың пікірінше ең әуелі дін мен ұлттық дәстүр арасында байланысты жоққа шығаратын топтың басым көпшілігі – жастар.

Жастардың өмірлік тәжірбиесі аз, діни білімі шала сол себепті Құран мен хадистің негізгі мұратын түсінбей, бірден шейх атағына ие болғысы келуі, максималистік көзқарас секілді факторлар әсер етеді. Дінде жаңалық ашқысы келгендей, Құрандағы мукхам аяттарды ысырып қойып, мағынасы екінші дәрежелі ұқсас ұғымды қамтитын муташабих аяттарды алға тартуы. Оған қоса ғалымдар арасында әр түрлі көзқарас құраған мәселелерді көтеріп, талас-тартыс тудыруда (Ораз, 2014: 26).

Салафилік ілімді таратушылар қоғамда қайырымдылық қорлар ашып, арапша сауат ашу курстарын ұйымдастырып жастарды өз жолдарына жақындата білді. Біртіндеп оларға шетелде діни білім алуға жіберіп, қаржыландырды. Бұл әлеуметтік жұмыстың нәтижесі ұзаққа созылмастан нәтижесін бере бастады. Қазақстан егемендік алғаннан бергі тарихымызда исламдық радикалды ағымдардың қатысуымен жекелеген адамдардың мәдени және азаматтық құқықтарын кемсітуге, қоғамдық қатынастарды бұзуға бағытталған әрекеттер туралы деректер жеткілікті. Бірқатар қайғылы оқиғалар да болды. Бұл жағдайлар туралы зерттеушілердің сараптамаларының негізгі тұжырымы: бұл ұйымдардағы идеологиялық негіз – нәсілдік,

ұлттық немесе діни өшпенділік, араздықты қоздыру екендігі дәлелденген.

Жастар ортасына бұндай зорлық-зомбылық идеологиясының (экстремизмнің) енуі олардың қатысуымен қылмыс деңгейінің жоғарылауымен, жастардың жағымсыз әлеуметтенуімен, қоғамдағы әлеуметтік шиеленіспен тығыз байланысты. Жастар экстремизмінің ересектерден айырмашылығы олардағы ұйымшылдық пен стихиялылығымен ерекшеленеді. Жас экстремистердің әрекеттері неғұрлым қатал, өйткені олар жастықпен өлімнен, түрмеден, дене жаракаттарынан қорықпайды, олар өз әрекеттерінің салдары туралы терең ойланбайды, нашар түсінеді. Олардың санасында қалыптасқан экстремизмнің көріністері ұзаққа созылатын жағымсыз салдарға алып келеді (Шакимова, 2018: 131-149).

Досым Сәтпаев «Азаттықпен» сұхбатында Қазақстандағы діни терроризмнің басты себептерінің бірі идеологиялық вакуумды жалған діни экстремистік ілімдермен толтыруынан деп санайды. Бұл идеялар Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін пайда болды да, сонымен белгілі бір деңгейде жалғасуда. Экстремистік идеялардың әсер етуінің алғашқы толқыны, – дейді Досым Сәтпаев, 90-жылдары оңтүстіктен Қазақстанға келді және бұл әртүрлі шетелдік, оның ішінде экстремистік ислам уағызшыларының қызметімен ғана емес, сонымен бірге ислам елдеріне қазақ студенттерінің діни институттарға оқуға кетумен байланысты болды.

Діни экстремизм идеяларының екінші толқыны, Сәтбаевтың пікірінше, 2000 жылдардың басынан бастап батыс бағыттан – Ресеймен бұрын әскери қақтығыс жағдайында болған Солтүстік Кавказ аймағынан ағыла бастады. Бұл идеялар Қазақстанның батыс аймағының көптеген тұрғындарының санасын жаулап алып, кейіннен діни террористік актілер түрінде көрінді, дейді. Сол кезде болған террористік шабуылдар мемлекеттің терроризмнің алдын алу жөніндегі тиімсіз идеологиялық, әлеуметтік, психологиялық жұмыстарының көрінісіне айналды деген баға береді.

Досым Сәтбаев діни экстремизм идеяларының таралуының үшінші толқынын Аль-Каида және Ислам мемлекеті сияқты террористік ұйымдардың пайда болуымен байланыстырады. Олар заманауи байланыс құралдарында – ең алдымен әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде өзін-өзі жарнамалауда жетістікке жетті және белгілі бір деңгейде жастардың көз алдында өте

тартымды болып көріне бастады, әсіресе бұл білімсіз және жұмыссыз жастар арасында тез таралды.

Бұл зерттеулердің жарық көргеніне 10 жылдан асса да, біздің ойымызша, экстремизмнің алдын алу мәселесі әлі де өзектілігін жойған жоқ.

Ғалымдар жастардың мінез-құлқын анықтайтын нақты жағдайларды, оларды құқықтық қолдауды, білім беруді, жастар саясатын жақсарту, білім беруді және басқа да жастарды тәрбиелеумен айналысатын барлық мекемелерді жандандыруды ұсынады. Терроризмге қарсы іс-қимылдың алдын-алу шаралары, тіпті толық жойылмаса да, кем дегенде экстремистік ұйымдардағы жастардың пайызын азайтуға, қоғамда экстремизм мен терроризмнің таралуын шектеуге және болдырмауға мүмкіндік береді.

### **Зерттеу нәтижелері мен талқылау**

Ислам қазақ тарихында үнемі өркендеуші рөл атқарған. Ислам дінінің қазақ елі үшін жеке адам мен қоғамды түзететін, әлеуметтік бақытқа, шынайы бостандыққа және бірлік-татулыққа жеткізетін құрал, ізгі жол, болатындығын қазақ ойшылдарының барлығы мойындады десек те қателеспейміз. «Абайды мұқият қарап отырсақ, ол ислам дініне реформа жасау жағында болған. Оның дінге, мұсылманшылыққа көзқарасының негізінде адамшылық принциптері жатыр. Абайдың айтуынша адам дінге емес, дін адамға қызмет етуі керек» (Есім, 1996). Сондықтан еліміздегі мемлекеттің зайырлылық саясатын жүзеге асыруда толеранттылық пен діни тағаттылықты орнатуда, ұлтаралық және дінаралық келісімді қолдауда және дін мен ұлт мәселесіне қатысты қақтығыстардың алдын алуда қоғамның рухани тірегі болу исламның міндеті.

Еліміздегі дәстүрлі исламның қоғамның ұлттық бірегейлігінің интеграциялық және дезинтеграциялық үдерістеріне әсері туралы көзқарастарын тұжырымдасақ XIX ғасырдағы ерекшеліктер қайталануда. Әлі де исламның қоғамдағы дәстүрлі дін ретіндегі рөлін жоққа шығарып, тәңіршілдікті жандандыруды ұсынатындар бар. Сонымен қоса, Қазақстандағы дәстүрлі Ханафи мазһабының ұстанымын қабылдамай, фундаментальды исламдық идеологияны таратушылар қызметі жалғасуда.

«Рухани қауіпсіздікті қорғау әрі қамтамасыз ету барысында жалпы халыққа, әсіресе дінді ұстанушы адамдарға сыртқы теологиялық-саяси ықпалдың әсерін болдырмау керек. 2011-

2016 жж. Қазақстандағы лаңкестік әрекеттердің белсенділігін ескеретін болсақ басқа өлкелерде болған оқиғалардың ел ішіндегі радикалды идеологияны ұстанушыларға қатты әсер еткенін аңғару қиын емес. Мысалы, Сирияда, Иракта, Сауд Арабиясында, Мысыр елдері мен Ауғаныстада орын алған оқиғалар Қазақстандағы радикализация мен лаңкестік әрекеттердің күшеюіне белгілі деңгейде әсерін тигізді» (Сабдин, 2020: 15).

«... ұлт мәселесі, ендігі жерде – елдік мәселеге, айналып, қазақ елінің мәңгілік болуының жолын, жөнін іздейтін идея керек! Ол идеяның өзегі дін, діл және оларды нығайтып, кемелдендіретін мұсылман зиялылары болмақ. Сонда мұсылман зиялылары деп кімдерді айтпақпыз? Олар – имандылық пен әділеттілік жолындағылар, олар ілім, ғылым игерген білікті мамандар. Мұндай азаматтарға коррупция және тағы басқа әділетсіздіктер жат болмақ» (Есім, 2006: 9). Болашақта бүгінгі зайырлы қоғамның зиялылары мен діни қызметкерлерінің біте-қайнасып жұмыс жасауы керекті туралы Ғарифолла Есім осы мақаласында ұсыныс айтқан болатын. Осыған орай соңғы жылдары діни жағдайды реттеу барысында мемлекет тарапынан біраз іс-шаралар жүзеге асырылуда. Исламдық білім беру жүйесін жетілдіруде, ақпараттық-талдау және насихат жұмыстарын зайырлы ұстанымдағы ғалымдар мен теолог мамандарды бірігіп жүргізуде. Қоғамда, әсіресе, жастар арасында радикалды ислам ағымдарының ілімінің таралуына тосқауыл қою жолында нақты қадамдар жасалып жатыр. Соның бір мысалы Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының діни ахуалды мониторингтеу және талдау орталығының жұмысы мен діни радикалды ағымдардан жапа шеккендерді оңалту орталықтары мен ақпараттық түсіндіру топтарының қызметтерін атап айтуға болады. Басқарма тарапынан жүргізілген мониторинг жұмыстарының нәтижесінде радикалды бағыттағы сайттар жүйелі түрде бұғатталады.

Мәселелер: Бұл шаралар жеткілікті нәтиже беріп жатыр ма? Жалпы қоғамымызда діни бірегейлік үрдістері ұлттық бірегейлікке қаншалықты ықпал етуде? Дәстүрлі дін ретіндегі исламның рөлі қандай?

Дәстүрлі ислам діни қызметкерлерінің діни білім деңгейіне көпшіліктің көңілі толмайды, оларды мемлекет қызметкерлері сияқты қабылдайды, оларға діндар ретінде сенімдері мен құрметтері аз. Себебі көптеген



діни қызметкерлер оқу орындарын сырттай бітірген немесе дипломдарын сатып алған. Араб тілі мен діннің негіздегін ғана медреседе меңгергендер имамдық қызмет атқарады, көбі діни сауаттылықтарын көтерумен айналыспайды. Жалпы елдегі коррупция мәселесі діни ортада да орын алып отыр.

### Қорытынды

Радикалды исламдық ағымдар қоғамда қызметтерін жалғастыруда. Олар білім беру орталықтарын ашып, басқа да қайырымдылық қорлары ретінде тіркеліп алған. Бұл ағымдардың шетелдік көшбасшылары мемлекеттік деңгейде елге келіп, ресми келісімшарттар жасаған немесе билік басындағы қазақстандық чиновниктермен жекелей келісім жасау арқылы өз діни ағымдарының идеологиясын таратуға мүмкіндік алған. Бұл жерде сол мемлекеттік басындағы чиновниктің өзі сол діни ілімді қабылдауы себеп, не пара алу себеп болып отыр.

Оған дәлел ретінде бірнеше рет Алматы дін бақармасы қызметкерлерінің радикалды идея таратушы және деструктивті іс-әрекет жасаған орталықтарды жабу туралы шешімдері іске аспай қалған.

Ұсыныстар: Қазақстандағы діни білім беретін оқу орындарын қадағалауды күшейту керек. Имамдардың біліктілігін көтеру орталығының жұмысы қанағаттанарлықсыз. Онда әртүрлі мамандарды шақырып дәріс оқытылады, бірақ, оның нәтижесін талап ету жағы жолға қойылмаған. Сертификат алатындар не толық сабаққа қатыспайды, не мүлде келмей-ақ алады. Осы мәселелердің алдын алу керек.

Жалпы Қазақстан территориясындағы барлық (исламмен қоса христиандық т.б діни бағыттардың) оқу орындары мен қайырымдылық ұйымдарын қадағалауды күшейтуді мемлекет қолға алғаны дұрыс. Олардың тіркелу, орталыққа жер алу немесе жалға ғимараттар алу тәртіптерін бақылауды күшейту керек. Жалпы діни ұйымдарға жер телімін жеке меншікке беруге қатаң тыйым салынған дұрыс.

### Әдебиеттер

- Асальюглу, А. (2011) Ислам мазхабтары тарихы. – Түркістан. – 190. <https://nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2020/02/Islam-mazhabtary-tarihy.-Asalyogly-Adam-1.pdf>
- Байтенова Н.Ж. (2007) Қазақстан Президентінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауындағы Қазақстандағы конфессияаралық келісім мәселесі. // «Өркениеттер сұқбатын» дамытуда Қазақстан мәдениетаралық және конфессияаралық келісімнің әлемдік орталығы ретінде. Халықаралық ғылыми практикалық конференциялардың материалдары. – Алматы. – 288.
- Бакина Н.С. (2006) История культуры тюрков. – Алматы: Үш қиян. – 180.
- Басилов В.Н., Кармышева Д. Х.: Ислам у казахов (до 1917 г.) <https://ia-centr.ru/experts/iats-mgu/v-n-basilov-d-kh-karmysheva-islam-u-kazakhov-do-1917-g/>
- Бегалинова К.К. (2012) Ислам в Казахстане: история его распространения. <https://web.archive.org/web/20140407074501/http://portal.kazntu.kz/files/publicate/2014-01-23-12004.pdf>
- Биекенов К., Садырова М. (2007) Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь. – 344.
- Валиханов Ч.Ч. (1985) Заметки по истории южносибирских племен. Собрание сочинений. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии. Т. 1. – 294.
- Валиханов Ч.Ч. (1985) Следы шаманства у киргизов. Собрание сочинений. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии. Т. 4. – 48.
- Гумилев Л.Н. (2007) Древняя Русь и Великая степь. – Москва: АСТ, Хранитель. – 656.
- Дербісәлі Ә. (2012) Біз ұстанатын діни жол. – Алматы: «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры». – 36.
- Есім Ғ. (1996) Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). II кітап. – Алматы: Ғылым. – 61.
- Есім Ғ. (2006) Дін өркениеті. Қаз ҰУ Хабаршысы Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №2 (26). – Алматы.
- Кенжалиев З.Ж., Даулетова С.О. (1993) Казахское обычное право в условиях советской власти (1917-1937 гг.). – Алматы: Ғылым. – 285.
- Кенжетай Д. (2016) Сәләфизм ұстанымы «кеңестік идеологиядан» да қауіпті. <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/galymdar-minberi/dosai-kenjetai/dosai-kenjetai-salafizm-ustanymy-kenestik-ideologiyadan-da-qauipti-2822/>
- Тұрсын Ғабитов Ғ., Алимжанова Ә. /кұраст. (2018) Қазақстан руханияты мен мәдени ескерткіштерінің энциклопедиясы – Алматы: Қазақ университеті. – 298.
- Муминов А. К. (2015) «Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии / под редакцией С.М. Прозорова. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. – 400.
- Нуртазина Н.Д. (2021) Ислам в истории Казахстана: новые подходы и итоги изучения проблемы за 30-летие незави-

симости (1991-2021). Вестник Каз НУ: Серия историческая. № 3. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/issue/view/44>

Нысанбаев А., Курманбаев Е. (2013) Исламское возрождение в Казахстане. Влияние религии на современный мир. Материалы международной научно-практической конференции / Под общ. Ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КП МОН РК. – 406.

Оңғаров Е.А. (2014) Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. – Алматы: «Көкжиек» бапасы. – 272.

Ораз С. (2014) Дін мен дәстүр. – Алматы: Фибрат. – 192.

Ораз С. (2018) Ұлы дала төсіндегі ислам. – Астана: ҚМДБ. – 280.

Сабдин А.К. (2020) Радикалсыздандырудың теологиялық нарративтері. Әдістемелік құралы. – Алматы: Bsquard. – 468.

Сәрсембаев Р.М. (2021) Қазіргі замандағы діни плюрализм жағдайындағы ислам. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. – 199.

Султанғалиева А. (2015) Религиозная идентичность и национальная интеграция в Казахстане. <https://ehistory.kz/media/upload/1466/2014/09/12/9807cf11f5a6531e3e29e21cbfc7c7ed.pdf>

Шакимова Л. С. (2018) Психологические особенности работы с лицами, подверженными радикальным взглядам: теория и практика. / Аутуальные проблемы профилактики религиозного экстремизма: междисциплинарный анализ (в контексте Алматинской области). – Талдықұрган. – 223.

## References

Adam Asalioglu (2011) Islam mashabarty tarihi [The history of Madhabs of Islam]. – Turkistan. – 190. <https://nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2020/02/Islam-mazhabarty-tarihy.-Asalyogly-Adam-1.pdf> (in Kazakh)

Baitenova N. Zh. (2007) Qazaqstan Presidentinin "Zhana alemdegi zhana Kazakhstan" atty zholdauyndagy Qazaqstanstandagy konfessionarlyq kelisim maselesi [The problem of interfaith harmony in Kazakhstan in the address of the president of Kazakhstan "New Kazakhstan in the new world"]. // "Orkenietter suqbatyn" damytuda Qazaqstan madenietarlyq zhane konfessionarlyq kelisimnin alemdik ortalygy retinde. Halyqaralyq gylmi praktikalyq konferencialardyn materialdary. – Almaty. – 288. (in Kazakh)

Bakina N.S. (2006) Istoriya kultury tyurkov [History of Turkic culture]. – Almaty: Ush qiyan. – 180. (in Russian)

Basilov V.N., Karmysheva D.Kh.: Islam u kazakhov (do 1917 g.) <https://ia-centr.ru/experts/iats-mgu/v-n-basilov-d-kh-karmysheva-islam-u-kazakhov-do-1917-g-/> (in Russian)

Begalinova K.K. Islam v Kazakhstane: istoriya ego rasprostraneniya [Islam in Kazakhstan: the history of its spread]. <https://web.archive.org/web/20140407074501/http://portal.kazntu.kz/files/publicate/2014-01-23-12004.pdf> (in Russian)

Biekenov K., Sadyrova M. (2007) Aleumettanudyn tusindirime sozdigi [Explanatory dictionary of cultural studies]. – Almaty: Sozdik-Slovar. – 344. (in Kazakh)

Derbisali A. (2012) Biz ustanatyn dini zhol [The religious path we follow]. – Almaty: "Islam madenieti men bilimn koldau qory". – 36. (in Kazakh)

Esim G. (1996) Sana bolmysy (Sayasat pen madeniet turaly oilar). II kitap [The Nature of Consciousness (Thoughts on Politics and Culture). Book II]. – Almaty: Gylym. – 61. (in Kazakh)

Esim G. (2006) Din orkenieti [Civilization of religion]. Kaz UU Khabarshysy Filosofii seriiasy. Madeniettanu seriiasy. Sayasattanu seriiasy. №2 (26) (in Kazakh)

Gumilyov L.N. (2007) Drevnyaya Rus i Velikaya step [Ancient Rus' and the Great Steppe]. – Moscow: AST, Khranitel. – 656. (in Russian)

Kenzhaliev Z. Zh., Dauletova S.O. (1993) Kazakhskoe obychnoe pravo v usloviyakh sovetskoi vlasti (1917-1937) [Kazakh customary law under Soviet rule]. – Almaty: Gylym. – 285. (in Russian)

Kenzhetai D. (2016) Salafizm ustanymy "kenestik ideologiiadan da qauipti [The position of Salafism is more dangerous than "Soviet ideology"]. <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/galymdar-minberi/dosai-kenjetai/dosai-kenjetai-salafizm-ustanymy-kenestik-ideologiyadan-da-qauipti-2822/> (in Kazakh)

Muminov A. K. (2015) "Hanafi mazhhab v istorii Centralnoi Azii [Hanafi madhhab in the history of Central Asia]/ pod redakciei S.M. Prozorova. – Almaty: Qazaq encyklopediasy. – 400. (in Russian)

Nurtazina N.D. (2021) Islam v istorii Kazakhstana: novye podkhody I itogi izucheniya problem za 30-letie nezavisimosti (1991-2021). Vestnik Kaz NU: Seriya istoricheskaya. № 3. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/issue/view/44> (in Russian)

Nysanbaev A., Kurmanbaev E. (2013) Islamskoe vozrazhdeniye v Kazakhstane. Vliyanie religii na sovremennyy mir [Islamic revival in Kazakhstan. The influence of religion on the modern world, Conference Issues]. Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konfrentcii / Pod obsch. Red. Z.K. Shaukenova. – Almaty. IFPR KP MES RK. – 406. (in Russian)

Ongarov E.A. (2014) Qazaq madenieti zhane Islam qundylyqtary [Kazakh culture and Islamic values]. – Almaty: Kokzhiek. – 272. (in Kazakh)

Oraz S. (2014) Din men dastur [Religion and Tradition]. – Almaty: Gibrat. – 192. (in Kazakh)

Oraz S. (2018) Uly dala tosindegi Islam [Islam in the Great Steppe]. – Astana: SAMK Press. – 280. (in Kazakh)

Qazaqstan rukhaniaty men madeni eskertkisherinin encyklopediasy [Encyclopedia of spiritual and cultural monuments of Kazakhstan]/ qurast: Tursyn Gabitov, Aliya Alimzhanova. (2018) Almaty: Qazaq Universiteti. – 298. (in Kazakh)

Sabdin A.K. (2020). Radikalsyzdandyrudyn teologiyalyq narrativteri. Adistemelik quraly [Theological Narratives of Deradicalization. Methodological tool]. – Almaty. – 468. (in Kazakh)

Sarsembaev R.M. (2021) Kazirgi zamandagy dini pluralism zhagdaiyndagy islam [Islam in the context of modern religious pluralism, Phd thesis]. *Filosofiya doktory (PhD) darezhesin alu ushin daiyndalghan dissertaciia*. – Almaty. – 199. (in Kazakh)

Shakimova L.S. (2018) *Psychologicheskie osobennosti raboty s litsami, podvezhennymi radikalnym vzglyadam: teoriia i praktika* [Psychological features of working with people with radical views: theory and practice]. / *Aktualnye problem profolaktiki religioznogo ekstremzma: mezhdisciplinarnyi analiz (v kontekste Almatinskoi oblasti)*. – Taldykurgan. – 223. (in Russian)

Sultangaliyeva A. (2015) *religiynaya identichnost i nacionalnaya integraciia v Kazakhstane* [Religious identity and national integration in Kazakhstan]. <https://ehistory.kz/media/upload/1466/2014/09/12/9807cf11f5a6531e3e29e21cbfc7c7ed.pdf> (in Russian)

Valikhanov Ch. Ch. (1985) *Sledy shamanstva u kirgizov* [Traces of Shamanism among the Kirghiz]. – Alma-Ata: Glavnaya redakciia Kazakhskoi sovetskoi enciklopedii. T. 4. – 48. (in Russian)

Valikhanov Ch.Ch. (1985) *Zametki po istorii yuzhnosibirskikh plemyon. Sobraniye sochineniy* [Notes on the history of the South Siberian tribes. Collected Works]. – Alma-Ata: Glavnaya redakciia Kazakhskoi sovetskoi enciklopedii. T. 1. – 294. (in Russian)